

SVEN®

Мультимедиялық
акустикалық жүйе 2.1

ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША БАСШЫЛЫҚ



MS-2070

www.sven.fi

TM SVEN акустикалық жүйесін сатып алғаныңыз үшін Сізге алғысымызды білдіреміз!

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

© 2019. SVEN PTE. LTD. Нұсқасы 1.0 (V 1.0).

Берілген Басшылық пен оның мазмұнындағы ақпарат авторлық құқықпен қорғалған. Барлық құқықтар қорғалған.

САУДА БЕЛГІЛЕРІ

Барлық сауда белгілері олардың заңды иелерінің меншігі болып табылады.

САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫСТАР

Басшылықты анағұрлым дәл етуге күш салғанға қарамастан, кейбір сәйкессіздіктер болуы мүмкін. Берілген Басшылықтағы ақпарат «осы түріндегі» шарттармен ұсынылған. Автор мен баспашы берілген Басшылықта жазылған ақпараттан болған зардап немесе зақымданулар үшін тұлғаның немесе ұйымның алдында ешқандай жауапкершілік жүктемейді.

МАЗМҰНЫ

1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫСТАР	2
2. ЖИНАҚТАЛЫМЫ	3
3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ	3
4. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ	3
5. ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ	6
6. ЖҰМЫС РЕЖИМІ	6
7. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ	9
8. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ	9

1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫСТАР

- Бұйымды ұқыпты ораудан шығарыңыз, қораптың ішінде қандай да бір жабдықтарының қалып қоймауын қадағалаңыз. Құрылғыны зақымдалуына қатысты тексеріңіз. Егер бұйым тасымалданған кезде зақымдалған болса, жеткізуді жүзеге асыратын фирмаға хабарласыңыз; егер бұйым істемейтін болса, бірден сатушыға хабарласыңыз.
- Жинақтылығы мен кепілдемелік талонның болуын тексеріңіз. Кепілдемелік талонда дүкен мөртаңбасы, сатушының түсінікті қолтаңбасы немесе мөртаңбасы қойылғанына және сату мезгілі, тауар нөмірі талонда көрсетілгенімен сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Кепілдемелік талонды жоғалтқанда немесе нөмірлері сәйкес келмегенде сіз кепілдемелік жөндеу құқығынан айырылатыңызды есте сақтаңыз.
- Бұйымды нөлден төмен температуралары бар сыртқы ортадан панажайға кіргізген кезде бірден іске қоспаңыз! Ораудан шығарылған бұйымды бөлме температурасы жағдайында 4 сағаттан артық ұстау қажет.
- Бұйымды орнату және пайдалану алдында, осы Басшылықпен зейін қойып танысыңыз және оны бүкіл пайдалану мерзімі бойына сақтап қойыңыз.
- Жабдықтарды жеткізу және тасымалдау тек зауыттық қаптамада ғана рұқсат етіледі.
- Сату үшін арнайы жағдайларды талап етпейді.
- Тұрмыстық және компьютерлік техниканы кәдеге асыру ережелеріне сәйкес қайта өңдеу керек.

Техникалық сүйемелдеу www.sven.fi сайтында орналастырылған.

Осы жерде Сіз берілген Басшылықтың жаңартылған нұсқасын таба аласыз.

2. ЖИНАҚТАЛЫМЫ

- Сабвуфер – 1 дн.
- Сателлиттары – 2 дн.
- Қашықтан басқару пульті (ҚБП) – 1 дн.
- «ААА» типті қоректендіру элементтері – 2 дн.
- 2RCA к mini-jack сигналдық шоғырсымы – 1 дн.
- Антенна баусымы – 1 дн.
- Пайдалану бойынша басшылық – 1 дн.
- Кепілдемелік талон – 1 дн.

3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



Назар аударыңыз! Корпусының ішінде оқшаулауы жоқ элементтерінде жоғары кернеуі болады, ол электрлік тоқ соққысымен зақымдануды тудыруы мүмкін.

- Электрлік тоқпен зақымдануға жол бермеу үшін, акустикалық жүйені (АЖ) ашпаңыз және өздігіңізбен жөндемеңіз. Қызмет көрсету мен жөндеуді өкілетті қызмет көрсету орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыруы керек. Өкілетті қызмет көрсету орталықтарының тізімін www.sven.fi сайтынан қараңыз.
- АЖ үндеткіштерінің сымдарының (оның ішінде «жермен түйіскендерінің») өзара, зорайтқыш корпусына және жерге тұйықталуына жол бермеңіз, себебі бұл зорайтқыштың шығаратын каскадтарын істен шығарады.
- Аппаратураның желілік ашасының істіктерін ашаны желілік ашалықтан суырған мезеттен 2 сек. өтпей ұстауға тыйым салынады.
- Саңылалуларына бөтен заттардың түсуінен АЖ-ні қорғаңыз.
- АЖ-ні жоғары ылғалдылықтан, су мен шаңның тиюінен қорғаңыз.
- АЖ-ні қызып кетуден қорғаңыз: оны қыздыратын аспаптарға 1 м-ден таяу орнатпаңыз. Тікелей күн сәулелерінің әсерін тигізбеңіз.
- Сонымен қатар АЖ-ні ашық жалын көзінің қасында орналастырмаңыз.
- АЖ-ні жеткіліксіз желдетісі бар орындарда орнатпаңыз. Ең кем ауа саңылауы – 10 см. АЖ-ні пайдаланған кезде оның үстіне қандай да бір құрылғыларды орнатпаңыз, салқындатуға кедергі тудыратын сулықтар немесе сондай сияқты заттармен бүркеп жаппаңыз.
- АЖ-ні тазалау үшін химиялық реагенттерді қолданбаңыз, жұмсақ құрғақ матаны пайдаланыңыз.

4. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

MS-2070 Акустикалық жүйесі 2.1 (АЖ) музыканы ойнату және ойындарды, фильмдерді және басқаны дыбыстау үшін арналған. АЖ іштетілген қуат зорайтқышымен және акустикалық шоғыр-сымдармен жабдықталған, соның арқасында ол іс-жүзінде кез-келген аудиосигнал көздеріне (MP3-плеерлерге, теледидарға, ПК-ге және с.с.) қосымша қуат зорайтқышысыз жалғана алады. АЖ-нің іштетілген FM-радиосы, Bluetooth-модулі және аудиофайлдар ойнатқышы бар. Жинақталымда ҚБ пульті бар.

АЖ ерекшеліктері

- Bluetooth бойынша сигналды сымсыз жөнелту
- Динамикалық ажыратылатын көмескілеу
- USB flash пен SD card жадынан музыканы ойнату
- Іштетілген FM-радио


- LED-дисплей
- ҚБ пульті
- Сабвуфер мен сателлиттер корпусының материалы – ағаш (MDF)

Сабвуферді басқару тақтасы


- 1 LED-дисплей
- 2 MODE: PC/AUX/FM/ ұяларды, режимдерді ауыстыру Ойнатқыш/Bluetooth (қысқа басу); ST-BY режиміне өту (ұзақ басу)
- 3 ◀: дейінгі трекке өту (Ойнатқыш және Bluetooth режимінде қысқа басу кезінде); дейінгі станция* (Радио режимінде қысқа басу кезінде)
- 4 ▶: кейінгі трекке өту (Ойнатқыш және Bluetooth режимінде қысқа басу кезінде); кейінгі станция* (Радио режимінде қысқа басу кезінде)
- 5 Дыбыс деңгейінің реттегіші
- 6 ■: Ойнату/Токтата тұру (Ойнатқыш және Bluetooth режимінде қысқа басу кезінде); автоматты іздеу (Радио режимінде ұзақ басу кезінде)
- 7 BASS: сабвуфер дыбыс деңгейін реттеу
- 8 LED1/LED2: көмескілеу шоғырсымдарын жалғауға арналған ағытпалар
- 9 AUDIO INPUT/FM ANT: антеннаны жалғауға арналған ағытпа; аудиосигналкөзін жалғауға арналған ағытпа
- 10 AUDIO OUTPUT: сателлиттерді жалғауға арналған ағытпалар
- 11 ON/OFF: қоректі қосқышы/сөндіргіші
- 12 Қоректендіру баусымы
- 13 SD/MMC CARD: MP3 пішімінде жазылған, музыкалық файлдары бар SD/MMC-карталарын орнатуға арналған ағытпа**
- 14 USB: MP3 пішімінде жазылған, музыкалық файлдары бар USB flash таспасын орнатуға арналған ағытпа

* Осы жиіліктерді ауыстыру жадында жазылған станциялар болғанда іске асады.

** Таспа FAT, FAT32 пішімделген болуы керек. SDHC class 10 және одан төмен жад карталарын пайдалануға болады. USB flash ұқсамайтын сыртқы қатты дискілерді және өзге құрылғыларды жалғау ұсынылмайды – бұл АЖ-нің зақымдануына әкелуі мүмкін.



Сур. 1 Басқару тақтасы




Сур. 3 Сабвуфердің
үстіңгі тақтасы

Сур. 2 Сабвуфердің
артқы тақтасы

ҚБ пульті

- ① STBY: қос./сөнд. батырмасы АЖ (STBY режимі)
- ② MUTE: дыбысты қосу/өшіру
- ③ SAVE: таңдалған жиілікті есте сақтау (FM-радио режимінде қысқа басу)
- ④ RESET: аудиобаптауларды ысыру
- ⑤ DEL: есте сақталған станцияны өшіру
- ⑥ AUX : AUX ұясын таңдау
- ⑦ FM/BT: FM-радио/Bluetooth ұясын таңдау
- ⑧ USB: USB ұясын таңдау (Ойнатқыш режимі)
- ⑨ SD: SD ұясын таңдау (Ойнатқыш режимі)
- ⑩ RANDOM: қайталау режимін таңдау батырмасы (Ойнатқыш режимінде): тректерді еркін тәртіппен ойнату
- ⑪ REPEAT: қайталау режимін таңдау батырмасы (Ойнатқыш режимінде):
ONE – ағымдағы тректі қайталау;
ALL – барлық тректерді кезекті тәртіппен ойнату
- ⑫ TUN +/-: ауқымды қолмен сканерлеу (FM-радио режимінде)
- ⑬ VOL+/-: ортақ дыбыс деңгейін зорайту/бәсеңдету
- ⑭ ⏮, ⏭: дейінгі трекке/кейінгі трекке өту (Ойнатқыш және Bluetooth режимінде); дейінгі/кейінгі радиостанцияға өту (Радио режимінде); көмескілеуді қос./сөнд. (ұзақ басу)
- ⑮ ⏸, AUTO: Ойнату/Тоқтата тұру батырмасы (Ойнатқыш және Bluetooth режимінде); Радиостанцияларды автоіздеу (FM-радио режимінде ұзақ басу)
- ⑯ 0-9: санды аумақ (Ойнатқыш режимінде трек нөмірін немесе FM-радио режимінде жиілікті таңдау)



Сур. 4 ҚБ пульті

Батарейканы ҚБ пультіне салу

- Пульттің теріс жағында батареяға арналған бөлікті ашыңыз.
- AAA типті батарейкаларды (жинақтан) салыңыз.
- Батарейка арналған бөлікті жабыңыз.

Ескерту:

- ҚБ пультің 30° артық еңкейтпей 7 метр қашықтықтан асырмай пайдаланыңыз.
- ҚБ пультің алдыңғы тақтадағы ИК-қабылдағыштың сағылауына бағыттаңыз.
- Егер ҚБ пульті жұмыс істемесе, қосқартендіру элементтерінің болуын тексеріңіз немесе қуатсызданған элементтерді жаңаларына ауыстырыңыз.
- Егер ҚБ пультің ұзақ уақыт бойы (бір аптадан артық) пайдаланбайтын болсаңыз, одан батарейкаларды шығарыңыз.

5. ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

АЖ-нің орналасуы

- Үндеткіштерді тыңдаушыға қатысты бір метрден кем емес бірдей қашықтықта орналастырыңыз. Сабвуфер бағытталмаған дыбыс шығарады, сондықтан сабвуфердің дыбысы ең ұтымды шығатын бөлменің кез-келген жерінде оны орналастыруға болады.
- Аса сезімтал мониторлар мен теледидарлардың бейнесі сәл бұжырлануы мүмкін, сондықтан АЖ-ні осы құрылғылардан алшақ орналастырыңыз.

АЖ-ні жалғау

MS-2070 моделін іс-жүзінде кез-келген аудиосигнал көздеріне жалғауға болады: MP3-плеерлеріне, ПК-ге, ноутбукке және с.с. (сур. 5 сұлбаны қар).


- Жалғау алдында, АЖ желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз. Оң жақ үндеткішті акустикалық шоғырсым көмегімен сабвуфердің AUDIO OUTPUT R ұясымен, ал сол жақ үндеткішті – AUDIO OUTPUT L ұясымен жалғаңыз.
- Сателлиттерді көмескілеу үшін, әр сателлиттің екінші шоғырсымын LED1/ LED2 ② ағытпаларына жалғаңыз.
- АЖ-ні ПК-ге, MP3-плеерлерге жалғау үшін 2RCA – mini-jack сигналды шоғырсымын пайдаланыңыз (жинақта). Бұл үшін алдымен сигналды шоғырсымның RCA-джектерін AUDIO INPUT ⑩ аудиоұясының L және R ағытпаларына жалғаңыз, ал содан кейін сигналды шоғырсымның mini-jack (Ø 3,5 мм) ұшын сур. 5 көрсетілгендей ПК-дің дыбыстық картасының LINE OUT портына немесе MP3-плеердің аудиоұясына (OUTPUT) жалғаңыз.
- Сабвуферді желіге ② қоректендіру баусымы көмегімен жалғаңыз.
- АЖ-нің қорегін сабвуфердің артқы қабырғасындағы ON/OFF (⑩, ON) сөндіргішімен іске қосыңыз.
- АЖ-ні алдыңғы тақтадағы ② батырмамен немесе ҚБ пультындағы ① батырмамен іске қосыңыз.
- Басқару тақтасындағы MODE ② батырмасымен немесе ҚБ пультіндегі ⑥, ⑦, ⑧, ⑨ батырмалармен қаланған сигнал көзін таңдаңыз.
- Сабвуфердің басқару тақтасындағы ⑤ реттегішімен дыбыстың қаланған деңгейін таңдаңыз немесе ҚБ пультінде VOL+/- ⑧ батырмаларын пайдаланыңыз.
- Сабвуфердің дыбыс деңгейін сабвуфердің артқы тақтасындағы ⑦ реттегішімен баптаңыз.
- Радио тыңдағанда сапалы қабылдау үшін, антеннаны FM ANT ⑨ ағытпасына алдын-ала жалғап, оны бағдарлаңыз (сур. 5 қар.).
- АЖ-ні пайдаланып болғаннан кейін құрылғыны ON/ OFF сөндіргішімен (⑩, OFF күйі) сөндіруге, сонымен қатар ② қоректендіру баусымын ашалықтан суыруға ұмытпаңыз.

6. ЖҰМЫС РЕЖИМИ

Ойнатқыш режимі

- Егер таспалардың бірін (USB flash или SD/MMC card)* сәйкес ағытпаларға ⑩ немесе ⑭ салса, жүйе автоматты түрде ойнатқыш режиміне өтеді; немесе алдыңғы тақтадағы MODE ② баты-

* Сыйымдылығы 512 Mb жетпейтін SD card пайдаланған кезде қисынсыз жұмыс істеуі мүмкін. Сыйымдылығы 8 Gb асатын USB flash таспасын пайдаланғанда командаларды өңдейтін уақыт көлемі ұлғаюы мүмкін.



Сур. 5 Аудиосигнал көздерін жалғау сұлбасы

рмасын не болмаса ҚБ пультіндегі ⑧, ⑨ батырмаларын пайдалану керек. LED-дисплейде ① таңдалған режим көрсетіледі. Ойнату автоматты түрде басталады.

- Тректі таңдау үшін оның реттік нөмірін тікелей ҚБ пультінен, ⑩ санды батырмаларын пайдалануға немесе алдыңғы тақтадағы ③ және ④ батырмалармен оны таңдауға болады.

Bluetooth режимі

- Осы режимде сигналды жөнелту үшін бұйымның сигнал көзімен байланысын алдын-ала орнату қажет (сур. 5 қар.). Бұл үшін Bluetooth режимін сабвуфердің алдыңғы тақтасындағы MODE ② батырмасы немесе ҚБ пультіндегі FM/BT ⑦ көмегімен таңдаңыз. 2-3 секундтан кейін АЖ іздеу режиміне өтеді, дисплейде ① «BLU» режимі көрсетіліп тұрады.
- Сигнал көзінде (телефон, ноутбук, смартфон және басқаларында) Bluetooth құрылғыларын іздеу режимін таңдау қажет. Экранда «MS-2070» атауы көрсетіледі, онымен байланыс орнату қажет**.
- Сәтті жалғану кезінде «BLU» көрсеткіші тұрақты жанып тұрады. Егер жалғану іске аспаса, «BLU» көрсеткіші үзік-үзік жанып тұрады. Жүйені қайтадан іздеу режиміне ауыстыру қажет (сөндіріп қайта қосу керек).***

** Құрылғылардың кейбір модельдерімен Bluetooth бойынша байланысу үшін «0000» кодын енгізу қажет болуы мүмкін.

*** Егер бұйым жалғанатын құрылғылардың тізімінде жазылып қойған болса, онда іздеу режимін қайталап іске қосу міндетті емес. Сигнал көзінде бұйым аты мен «жалғану» командасын таңдаңыз.

- Сигнал көзімен тіркесу уақытында сигнал көзінің ойнатқышын ҚБ пультінен немесе сабвуфердің алдыңғы тақтасындағы батырма көмегімен басқаруға болады.

Радио режимі

- Радио режиміне өту үшін АЖ іске қосылып тұрған кезде алдыңғы тақтадағы MODE ② батырмасын немесе ҚБ пультіндегі FM/BT ⑦ батырмасын пайдалану қажет.
- Автоматты сканерлеу және табылған станцияларды есте сақтау үшін алдыңғы тақтадағы ⑥ батырмасын немесе ҚБ пультіндегі AUTO ⑤ батырмасын ұзақ басуды пайдаланыңыз. Сканерлеу аяқталғанға дейін осы батырманы қайталап басу сканерлеу үдерісін тоқтатады. Сканерлеу кезінде дисплейде ① жиілік көрсетіледі, станцияны еске сақтағанда қысқа уақытқа иемденген кезекті нөмірі көрсетіледі.
- Ауқымды қолмен сканерлеу үшін ҚБ пультінде TUN +/- ⑧ (жиілік бойынша төмен/жоғ. қарай) батырмаларын пайдаланыңыз. Таңдалған жиілікті сақтау үшін ҚБ пультінде SAVE ③ батырмасын басыңыз, содан кейін ҚБ пультінде ④ батырмаларымен сақтауға арналған ұяшықтың нөмірін таңдаңыз және SAVE батырмасын қайталап басыңыз.
- Жадында есте сақталған станциялар болған кезде алдыңғы тақтадағы ③, ④ батырмаларды немесе ҚБ пультіндегі ④ батырмаларды қысқа басу арқылы ауысу жүзеге асырылады. Сонымен қатар ҚБ пультінің ⑥ санды тұсынан тікелей станцияның жиілігін немесе есте сақталған нөмірін енгізуге болады. Дисплейде ① қысқа уақытқа станция нөмірі, ал содан кейін жиілігі көрсетіледі. Радио белгіленген жиілікке 2-3 сек. ішінде бапталады.

AUX режимі

- AUX режиміне өту үшін бұйым іске қосылып тұрғанда алдыңғы тақтадағы MODE ② батырманы немесе ҚБ пультіндегі ⑥ батырманы пайдалану керек. Алдыңғы тақтадағы дисплейде ① AUX көрінеді.

ST-BY режимі

- Осы режимнен шығу үшін алдыңғы тақтадағы ② батырмасын немесе ҚБ пультіндегі ① батырмасын басып ұстап тұрыңыз.

MUTE режимі

- MUTE режиміне көшу үшін ҚБ пультінде ② батырмасын басыңыз. MUTE режимінен шығу үшін ҚБ пультінде ② батырмасын қайталап басыңыз.

Ескерту:

- **Бағдарламалық қамсыздандырудың үнемі жетілуі себебімен, АЖ-ні басқару сипаттамасы берілген Басшылықта келтірілгеннен ерекшеленуі мүмкін. Басшылықтың соңғы нұсқасын www.sven.fi сайтынан қар.**

7. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Ақаулық	Себебі	Жою тәсілі
АЖ іске қосылмайды.	Желіге жалғанбаған.	Желіге жалғануды тексеріңіз.
	Желілік сөндіргіш іске қосылмаған.	Сөндіргішті іске қосыңыз.
Дыбыс жоқ немесе АЖ үндеткіштеріндегі дыбыс тым ақырын.	Дыбыс реттегіші ең төмен деңгейдегі күйге белгіленген.	Дыбыс реттегішін реттеңіз.
	Аудиосигнал көзі қате қосылған.	Дұрыс сигнал көзін қосыңыз.
Дыбыстың бұрмалануы.	Кіретін сигналдың амплитудасы үлкен.	Сигнал көздеріндегі дыбыс деңгейінің реттегішімен кіретін сигналдың шамасын азайтыңыз.
ҚБ пульты жұмыс істемейді.	Батареялар қуатсызданған.	Батареяларды жаңасына алмастырыңыз.

Егер жоғарыда көрсетілген тәсілдердің ешқайсысы мәселені шешпесе, кәсіби кеңес алу үшін ең жақын қызмет-орталығына хабарласыңыз. Бұйымды өздігіңізбен жөндемеңіз.

8. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Сипаттамалары мен өлшем бірліктері	Мәндері
Шығаратын қуаты (RMS), Вт: сабвуфер сателлиттер	60 (30 + 2 X 15) 30 2 X 15
Жиіліктер ауқымы, Гц сабвуфер сателлиттер	45-150 150-20000
Үндеткіштер диаметрі, мм сабвуфер сателлиттер	Ø 135 Ø 77
Қоректендіру кернеуі, В/Гц	~230/50
Үлкендігі, (мм) сабвуфер сателлиттер (бір үндеткіш)	185 X 316 X 310 105 X 182 X 132
Салмағы, кг	5,3

Ескерту:

- Келтірілген техникалық сипаттамалары ақпараттық сипатта болады және наразылық білдіруге негіз бола алмайды.
- TM SVEN өнімі үнемі жетілдіріледі. Осы себептен техникалық сипаттамалары мен жинақтылығы алдын-ала хабарлаусыз өзгертілуі мүмкін.

Мультимедиялық
акустикалық жүйе 2.1

SVEN®



Моделі: **MS-2070**

Ресейге импорттаушы: «Регард» ЖШҚ, 105082, Мәскеу қ., Фридрих Энгельс көш., 75 үй, 5 құр. Ресейдегі өкілеттендірілген ұйым: «РТ-Ф» ЖШҚ, 105082, Мәскеу қ., Фридрих Энгельс көш., 75 үй, 5 құр. Кепілдеме бойынша қызмет көрсету шарттарын кепілдемелік талоннан немесе **www.sven.fi** сайтынан қараңыз.

Кепілдеме мерзімі: 12 ай
Қызмет ету мерзімі: 5 жыл.

Өндіруші: «СВЕН ПТЕ. Лимитед», 176 Джу Чиат Роуд, № 02-02, Сингапур, 427447. «Свен Скандинавия Лимитед», 48310, Финляндия, Котка, Котолахдение, 15 қадағалауымен өндірілген. Қытайда жасалған.